

# АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ  
НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ  
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП



# АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

«ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ  
В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ  
И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

I КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.  
г. Қостанай, 2025 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлығасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі:  
**Қ 22** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: I Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025. – 1916 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: I книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025.–1916 с.

ISBN 978-601-356-498-2

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары туралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелері ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін еңгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направления тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2



9 786013 564982

УДК 37.02  
ББК 74.00

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025  
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025

ұлттық сананың деңгейімен тығыз байланысты болмақ. Ал ақпарат тасқыны судай сапырылысқан мына жаһандану заманында оқушылардың ұлттық санасы қалай қалыптасып жатыр, қандай бағытқа бет алуда? Біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді. Мұндағы мақсат–жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген адал азамат қалыптастыру. Қазіргі таңда мектебімізде жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстарының мазмұны ұлттық мүдде, ар–намыс, ризашылық, жауапкершілік және алға ұмтылыс сияқты құндылықтар көрініс тапқан. оқу–тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру жолдарының маңыздылығын алға тартып, болашақ ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды, отан сүйгіштікті, еңбек қорлықты, жауапкершілікті сіңіру бағытында жауапты да нәтижелі межеге бірлесіп жетуге шақырып отыр. Біртұтас тәрбие бағдарламасының ерекшеліктеріне тоқталып өтетін болсам: тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Түйіндеп айтатын болсақ, «қолымызды мезгілінде дөп сермеуіміз керек». Өйткені ата–бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл–кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту баршамыздың парызымыз. Бірлескен жұмыстың нәтижесі болмақ. Ендеше, тіл маманы ретінде ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелеуде күш–жігерімізді аямайық!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Сағындықұлы Б. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Алматы, 2018 ж.
2. Жүнісбек Ә. «Қазіргі заманғы педагогикалық технология негізі – сапалы білім», «Қазақстан мектебі» №4, 2008ж
3. Сманқұлова Ж., Саметова Ф. Оқудың инновациялық әдістері оқу әдістемелік құрал. Алматы–2014
4. Қамзина М. «Дамыта оқыту технологиясы». / Тәрбие құралы 2005 ж, №4
5. Республикалық «Ізденіс жолы» журналы, No08 (15) сәуір 2024 ж. URL: www.iiia.kz

ӘОЖ 371.32

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА УАҚЫТ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМДІК, ТӘРБИЕЛІК ЖӘНЕ ДАМУШЫЛЫҚ РӨЛІ

**Кушмурзина Даметкен Хажмухановна**  
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі  
**Жусупова Инкар Алликовна**  
3 курс студенті  
«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» ББ

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

#### Аңдатпа

*Бұл мақалада уақыт өлшем бірліктерін оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларына белгілі бір уақыт туралы білім–білік, дағдылармен қатар тәрбие берудің мәні мен мазмұны айтылып, оның сынып аралық енгізілу ерекшелігі қарастырылады. Математикалық теория мен тәжірибенің байланысын жүзеге асыруда кіші мектеп жасындағы оқушылардың уақыт туралы түсініктерін кеңейту және тереңдетудің, танымдық қызығушылықтарын дамытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық рөлі көрсетілген.*

**Түйінді сөздер:** білім беру, тәрбие, ұлттық құндылықтар, математика сабағы, уақыт өлшем бірліктері, уақытты болжау, үнемдеу.

**Аннотация**

В данной статье рассматривается содержание обучения и воспитания учащихся начальных классов в процессе изучения темы единицы измерения времени, специфика его изучения. Показана их образовательная, воспитательная и развивающая роль в формировании временных представлений у младших школьников, расширении и углублении знаний, развитии познавательного интереса, в осуществлении связи математической теории и практики.

**Ключевые слова:** образование, воспитание, национальные ценности, урок математики, единицы измерения времени, экономия времени.

**Abstract**

This article examines the content of training and education of primary school students in the process of studying the topic of the unit of measurement of time, the specifics of its study. Their educational, upbringing and developmental role is shown in the formation of temporary concepts in younger schoolchildren, the expansion and deepening of knowledge, the development of cognitive interest, and the implementation of the connection between mathematical theory and practice.

**Key words:** education, upbringing, national values, mathematics lesson, units of time, saving time.

«Уақыттың бос өткені – өмірдің бос өткені» деген дана халқымыз. Өміріміз құр бос өтпеу үшін оны тиімді пайдаланудың жолдарын білу аса маңызды.

Уақыт – адамның өмірінің, табиғаттың, қоғамның барлық құбылыстары мен процестерінің реттілігін, ұзақтығын және өзгеру динамикасын сипаттайтын абстрактылы шама. Адам уақыт мәселесімен күнделікті өмірде, күн сайын кездеседі. Оны тиімді пайдалану және дұрыс жоспарлау – қазіргі қоғамда табысты өмір сүрудің маңызды шарттарының бірі. Сондықтан уақыт ұғымын дұрыс түсіну және меңгеру адам өмірінің барлық саласына тікелей әсер етеді.

Қазақ халқы сонау көне заманнан бері уақытты, табиғат құбылыстарын тұрмыс тіршілігіне, шаруашылығына келістіріп, өлшеп, өзіндік өлшем жүйесін жасаған. *Мысалы*, таң мезгіліне қатысты халық бірнеше түрлі атауларды қолданып, табиғат құбылыстарын сипаттаған. Оларға «таң құлаң еткенде», «таң бозарып атқанда», «таң ата», «таң сәңірі», «көгала таң», т.б. сынды сипаттамалар жатады. Бірақ бұл атаулар уақыт өте келе ұмытылып, қазіргі уақытта сирек кездеседі. Бұл біздің ұлттық құндылықтарымыздың, мәдениетіміздің, дәстүрлеріміздің ұмытылуының белгісі. Сондықтан қазіргі теріс әсерлерді азайту үшін ұлттық дәстүрлерді, тілді және тарихи білімді насихаттауды күшейту қажет.

Заманауи цифрлық құрылғылар балалар мен жас өспірімдердің уақытты дұрыс пайдаланбаулары жөнінде біраз мәселелерді туындатады. Қазіргі балалар цифрлық технологиямен қатар өскендіктен, дәстүрлі уақыт өлшемдерін түсінуде қиындықтарға тап болады. Уақытты басқа өлшем бірліктерге қарағанда түсіну және түсіндіру қиын, себебі ол нақты физикалық пішінге ие емес және де көзге көрінбейді, қолмен ұстауға болмайды. Уақыт үздіксіз өтіп жатады. Сонымен қатар, уақытты кері қайтаруға немесе тоқтатуға болмайтындықтан, оқушылар оның ұзақтығы немесе жылдамдығы бойынша салыстыруда қиындықтарға кездеседі. Бұл уақыттың күнделікті әрекеттер мен тәжірибелер арқылы ғана біртіндеп түсіндіру арқылы ұғындыруға болатын абстракты ұғым екенін көрсетеді. Себебі, цифрлық құрылғылардың көмегімен уақытты белгілеу мен көрсету өте жеңіл, бірақ бұл балалардың қолдағы циферблатпен жұмыс істеген кезде шатасуына әкеледі. Олар көбінесе цифрлық сағаттарды пайдаланып, уақытты сандық түрде көріп үйренеді, ал оны нақты сезуінде қиындықтар пайда болады. Алайда циферблаттағы сағаттарды оқу, минуттар мен сағаттарды ажырату қажет болғанда, олардың білімі жеткіліксіз. Сондықтан туындайтын мәселелердің бірден–бір шешімі – уақытты тиімді пайдаланудың әдістерін үйрету. Олар: тәжірибе алмасу, уақытты түсіну ойындары мен жаттығулары (уақытты өлшеу, уақыт бойынша жарыстар (1 минуттағы есептеу техникасы (ауызша есептеу, жазбаша есептеу әрекеті), оқу техникасы (кім неше сөз

оқи алады), дене жаттығулары (кім неше рет белгілі бір жаттығуды жасайды) және уақыттың тарихы мен мәдени аспектілері, т.б.

Уақыт туралы түсінік беру сабақтары балалар мен жастардың тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Олар уақыттың әр түрлі аспектілерін бақылау және өмірлік тәжірибе жинау арқылы игереді, сондай-ақ басқа пәндерді оқып үйрену барысында да уақытқа қатысты білімдерін арттырады. Мұндай *сабақтардың мақсаты* – оқушыларға уақыттың шектеулі ресурсы екенін және оны тиімді пайдаланудың қажеттілігін түсіндіру, уақытты қалай тиімді басқаруға болатынын үйрету.

Уақытты түсіну және оны тиімді пайдалану әр баланың өмірінде қажетті дағдылардың бірі. Бұл дағдыларды қалыптастыру үшін әртүрлі әдістемелер мен түрлі тапсырмалар қолданылады. Оқушылар уақытты тек теориялық тұрғыдан ғана емес, тәжірибелік тұрғыдан да түсінуі қажет. Бастауыш сыныпта уақыт өлшем бірліктері бірізділік принципі бойынша бірінші сыныптан енгізіледі.

Уақыт өлшем бірліктері туралы тақырып: «М-1», 1-бөлімінің 116-беттегі 55-сабағының «Тізбектер» тақырыбында бастау алып, балалар жыл мезгілдерімен танысып, олардың реттілігі мен ерекшеліктерін ажыратады. Бұл тек табиғаттағы өзгерістерді тану ғана емес, сонымен қатар өмірді жүйелі жоспарлауға, уақытты сезінуге, қоршаған ортаға бейімделуге тәрбиелеу мақсатында жүргізіледі. Әр мезгілдің өзіндік ерекшеліктері бар. Қыс мезгілінде балаларға сақтық шараларын ескерту маңызды. Қар мен мұзда абай болу, қатқан су айдындарынан аулақ жүру, жылы киіну – денсаулықты сақтау үшін қажет әрекеттер. Көктемде табиғаттың жаңаруы мен тазалықтың маңыздылығы айтылады. Жазда қауіпсіздік ережелері, суға шомылу мәдениеті, күннен қорғану тәсілдері түсіндіріледі. Күзде еңбектің маңызы мен табиғи байлықты қадірлеу үйретіледі. Ол сахналық көрініс, ертегілер, дидактикалық ойын сияқты сабақтағы түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. *Мысалы, «бір бала қыста мұзда тайып кетеді, достары оған қалай көмектесетінін көрсетеді»*. Бұл оқушылардың бір-біріне деген достық, басқаға көмек беру сияқты тәрбиесіне және олардың рухани құндылықтарын арттыруға маңызды тәсіл болып табылады.

Сабақ барысында мұғалім балаларға суреттер мен көрнекі құралдарды пайдалана отырып, жыл мезгілдерінің реттілігін анықтауға көмектеседі. *Мысалы, оқушыларға 4 мезгілдің суреттері шығартылады немесе тақтада көрсетіледі.* «М-1», 1-бөлімінің, 116-бетінде 1-жаттығу жыл мезгіліне байланысты 1-суретке сәйкес берілген. Мұғалім қай сабақ болмасын, оны күнделікті өмірмен байланыстыруы қажет. Ол үшін сұрақ-жауап әдісі қолданылады. *«Балалар, терезеге қарайықшы, қазір қандай жыл мезгілі өтіп жатыр? Табиғат көрінісіне мән берейік»*. Осындай мысалдар арқылы балаларда қыс мезгілі жайлы түсінік пайда болады. Ал кейін, шығарылған суреттерге көңіл бөлінеді. Көрнекі құралдар арқылы реті енгізіледі. *«Балалар, суреттерге назар аударайық. Бізде қанша жыл мезгілдері бар? Олардың атаулары қандай?»*– деп жыл мезгілдерінің реттілігі анықталады. Яғни күз кезінде қыс айына дайындық жүреді. Адамдардың өмірінде болатын өзгерістер де айтылып кетеді. Әр мезгілдің өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру арқылы оқушыларға қоршаған ортаға құрметпен қарау, денсаулықты сақтау, еңбекқорлық пен жауапкершілік секілді қасиеттер сіңіріледі. Осылайша, жыл мезгілдері тек табиғи құбылыс ретінде емес, адам өмірімен тығыз байланысты құндылықтар жүйесі ретінде таныстырылады. [1]

Жыл мезгілдері мен олардың белгілерін ата.



«1–Сурет», «Жыл мезгілдері»

Тізбектің дұрыс ретін ата: түн, күндіз, таңертең, кеш. Күні бойы не істейтініңді айт.



«М–1», 120–бет, 1–бөлімінде «Уақыт. Сағат» тақырыбы уақыт ұғымын түсіндіріп қана қоймай, оны бағалауға және тиімді пайдалануға баулиды. Сабақ барысында «Сағат дегеніміз не?» және «Ол не үшін қажет?» деген сұрақтарға жауап іздеу арқылы оқушылар уақыттың маңызын түсінеді.

Сабақ барысында тәрбие мен үгіт–насихат жұмыстары жүргізіледі. Балаларға «Уақыт алтыннан қымбат» деген халық даналығы түсіндіріліп, уақытты босқа өткізбей, пайдалы істермен айналысу керектігі айтылады. Мысалы, сабақты уақытында оқу, тапсырмаларды кешіктірмей орындау, тәртіп пен жауапкершілікті сақтау туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: «Сендердің үйлеріңде сағат бар ма?», «Онымен жұмыс істей аласыңдар ма?» деген сұрақтар қойып, оқушыларды уақытты бақылауға және жоспарлауға үйретеді. Осылайша, оқушылар уақыттың өтіп кететінін, оны үнемдеп, тиімді пайдалану қажеттігін ұғынады, уақытты тиімді пайдалану тәжірибелері артады.

Оқушыларға уақыт ұғымын тереңірек түсіндіру үшін олармен бірге сағат жасауға болады. Бұған байланысты 120–бетте үш тапсырма берілген. [1]

Осы тапсырмалар арқылы оқушылардың еңбектену дағдыларын дамытуға ықпал етіп, уақыт өлшеудің тәжірибелік маңызын ұғындырады. Мұғалімнің көмегімен оқушылар қалың қағаздан дөңгелек қиып, оның үстіне сағаттың бейнесін салып, ортасына түтік бекітеді. Кейін тілдерді бағыттап отырып, уақытты өлшеу тапсырмаларын орындайды. Мысалы: сағат тілін 12–ге, ал минуттық тілді 3–ке бағыттап, уақыттың 12:15 болатынын анықтайды, оны сөзбен атайды, яғни: 12–ден 15 минут кетті, әрі дәптерлеріне жазып, ол уақытты қалай жазу керектігін үйренеді.

1 Сағат үлгілеріне қара.

Сағат 1-ді көрсетіп тұр.

Циферблат  
Сағат тілі

топтық жұмыс

2 Сағаттың үлгісін жаса. Сағат тілін айналдыр. Уақыттың неше болғанын айт.

1 2 3 4 5 6  
7 8 9 10 11 12

«2–Сурет», «Сағат моделі»

1–сыныптағы «Жыл мезгілдері, айлар, апта күндері» тақырыбы оқушыларға уақыттың реттілігі мен маңызын түсіндіруге бағытталған. Сабақ барысында оқушылар апта күндерінің ретін үйреніп қана қоймай, әр күннің өзіндік маңызы бар екенін ұғынады. Көрнекі құрал ретінде күнтізбе қолданылады. Оқушыларға әр күннің өз міндеттері бар екені айтылады: жұмыс күндері оқу мен еңбекке арналса, демалыс

күндері отбасыға, демалуға, денсаулыққа мән беру керектігі сөз болады. «Дүйсенбі – еңбекке бастау, сенбі–жексенбі – тынығу, ал жексенбі – отбасымен уақыт өткізу күні» деген түсінік беріледі. Сонымен қатар, уақытты дұрыс пайдалану, бос уақытты пайдалы істерге жұмсау, күнделікті іс–әрекетті жоспарлау дағдылары қалыптастырылады. Осылайша, оқушылар уақытқа жауапкершілікпен қарауды, тәртіп пен еңбекқорлықты, демалыс пен еңбектің үйлесімділігін үйренеді. [1]


Оқушыларға *апта күндерін* тура және кері ретпен атау немесе жазу тапсырмасы беріледі, бұл олардың білім деңгейіне қарай орындалады. Егер оқушылар апта күндерімен таныс болмаса, алдымен олар жайлы мағлұмат беріледі. Күнделік жүргізудің маңызы ерекше, себебі балалар күнделікті сабаққа дайындалу барысында апта күндерін қайталап, жаттап алады, сонымен қатар тәртіпке дағдыланады. Оқушылар өз апталық жоспарын сағатпен белгілеп, *мысалы: «Мен дүйсенбі күні сағат 14:00–де би үйірмесіне барамын»* деп жазады. Сонымен бірге, қазақтың байырғы уақыт өлшемдерін («Бүгін», «Ертең», «Бүрсігүні», «Арғы күні», «Қасиетті күн», «Соңғы күн», «Азына») үйрету арқылы ұлттық мәдениет пен құндылықтарды дәріптеу жүзеге асырылады.

Бастауыш сыныпта *айларды* оқыту уақыттың реттілігін түсінуге және оларды ұқыпты әрі жоспарлы болуға үйретеді. Оқушылар айлар мен жыл мезгілдерін байланыстыра отырып, табиғаттағы өзгерістерді байқап, тәртіп пен жүйелілікке мән беруге дағдыланады. Әр айдың ерекшеліктерін мысалдармен түсіндіру балаларға еңбек пен шыдамдылықты дамытуға ықпал етеді. Мерекелер мен ұлттық дәстүрлерді айлармен байланыстыру арқылы ұлттық құндылықтарды бағалауға бағытталады. Айлардың ретін жаттау, оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытады.

Келесі тақырып: 84–сабақ, 44–45 бетте орналасқан. Тақырыбы: «*Уақыт. Сағат. Минут*». 1 сағатта қанша минут барын білу мақсатында берілген. Бастауыш сыныпта *сағат* пен *минут* тақырыбын түсіндіру маңызды. Ең алдымен, сағаттың құрылымын көрсетіп, циферблаттағы сандардың орны мен мағынасын түсіндіру керек. Оқушылар сағат тілдерінің айналу бағытын байқап, олардың қозғалысы арқылы уақытты өлшеуді үйрене бастайды. *Мысалы*, үлкен тілдің әрбір саннан өткен сайын 5 минутты көрсететінін, ал кіші тілдің әрбір саннан өткенде 1 сағатты білдіретінін түсіндіреді.

Әр сағатта 60 минуттан тұратынын түсіндіру үшін мұғалімдер арнайы есептеу әдістерін қолданады. Оқушылар сағат тілдерінің әрбір 5 минут сайын қозғалысын бақылай отырып, минуттарды есептеп үйренеді. 1–сыныпта тек сағат тілімен жұмыс жүргізілсе, 2–сыныпта минуттық тіл үйретіледі.

Көрнекі құралдарды, *мысалы*, макет сағатты пайдалану балаларға уақытты өз қолымен белгілеп, сағат тілдерін айналдыру арқылы уақытты түсінуге көмектеседі. Мұғалім уақытты қадағалап, балаларға 1 минут ішінде қанша тапсырма орындағанын анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, балалар 1 минуттың ұзақтығын сезініп, еңбекқорлық, ұқыптылық және уақытты тиімді жоспарлау дағдыларын меңгереді. Ал 2–сынып математика оқулығының 2–бөлімінде, 85–сабақ, 46–бетінде, 1–тапсырманы талдасақ:[2]




«3–Сурет», «Минут»

*Мысалы*, үстелге 3 минуттық құм сағат қойып, мысалдарды шығарту немесе сөз есепті оқыту, әңгіме, ертегілерді оқыту сияқты ойын–тапсырмаларын қолданған тиімді. Тапсырманы орындағаннан кейін оқушы өзінің неше мысал орындап үлгіргенін немесе сөз есепті оқуға және шығаруға қанша уақыт жұмсағанын, т.б. есептей алады.

Бұл тапсырма арқылы оқушылар уақытты бағалау, оның маңыздылығын түсіну және оны тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастырады.

Келесі тақырып: «М–2», 1–бөлімде 51–сабақ, 102–бетте берілген. Тақырыбы: «Уақыттың өлшем бірліктері». Жаңа ұғым – *тәулік* туралы түсінік басталады. Тәулік туралы ұғымды түсіндіру балаларға уақытты бағдарлау қабілетін дамытады. Тәуліктің әр кезеңінде орындалатын іс–әрекеттер оқушыларға күн тәртібін ұйымдастыруға көмектеседі. *Мысалы*, таңертең ояну, түсте тамақ ішу, кешке үй тапсырмасын орындау. Тәуліктің циклін түсіну табиғаттың құбылыстарымен, *мысалы*, күннің шығуы мен батуымен байланыстырылады. Бұл тақырып оқушылардың уақытты бағалау және жоспарлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тәулік уақыттың шектеулі екенін, оны қалай пайдалану керектігін көрсету үшін маңызды.

Тәулік ұғымын түсіндіру үшін, 3Д форматындағы платформалар да қолданылады. «Күн жүйесінің моделі» беріледі. Оны түрлендіріп, макет жасауға болады. Яғни балалар не себепті күн мен түн ауысатынын анықтайды. Бұл олардың қызығушылығын, сабаққа белсенділігін арттырады. Және жаратылыстану сабағымен пәнаралық байланыс жүзеге асырылады. Кітапта 102–беттегі 1–тапсырманы талдасақ: Мұғалім балаға өзінің күн тәртібін жазғызып, оны сыныппен талдайды. Оқушыға тәулік уақыттары келесідей бөлінетінін үйретуі тиіс: *сағат 6:00–дан 12:0–ге дейін – таңертең, 12:00–ден 18:00–ге дейін – күндіз, 18:00–ден 24:00–ге дейін – кеш, 00:00–ден 6:00–ге дейін – түн.*

 1. Тәулік бөліктерінің ұзақтығын біліп, кестеге жаз.

Таңертең	Күндіз	Кеш	Түн
Сағ ... – сағ ... дейін	Сағ ... – ... сағ дейін	Сағ ... – сағ ... дейін	Сағ ... – сағ ... дейін

«4–Сурет», «Тәулік»

Бұл тапсырма оқушыларға күнделікті өмірдегі уақыт кезеңдерін түсіндіру және оларды дұрыс бағытта ұйымдастыруда маңызды.

«М–3», 4–бөлім, 160–сабақ. Оқулықта «Секунд» тақырыбы берілген. Бастауыш сыныпта секунд тақырыбын оқыту балалардың уақытты түсінуін тереңдетуге мүмкіндік береді. Оқушыларға секундтың қаншалықты қысқа уақыт аралығы екенін көрсету үшін тәжірибелік мысалдар келтіруге болады. Секундты түсіндіргенде, оқушыларға секундтың маңызын, яғни уақытты тиімді пайдаланудың маңыздылығын көрсету керек. Секундты секундомер арқылы өлшеуді үйрету – тиімді әдіс. Ол уақыттың өтуін нақты бақылауға мүмкіндік береді. Секундтың күнделікті өмірдегі қолданылуы туралы мысалдар келтіріп, қызығушылығын арттыруға болады.

*Мысалы*, спорт жарыстарында, музыкада немесе ойындарда секундтың қаншалықты маңызды екенін көрсетуге болады. [3]

Келесі және соңғы өлшем бірлік – «*Ғасыр*». Математика 3–сынып оқулығының, 4–бөлімінің, 162–сабағының 79–бетінде 4–суретке сәйкес, 3–тапсырма берілген.

3. а) Сұрақтарға жауап бер. Қай ағаштар 2 ғасырдан артық тіршілік етеді? Ең аз тіршілік ететін ағашты ата?

Өсімдіктер	Тіршілік ету ұзақтығы
Шырша	500 жыл
Көктерек	300 жыл
Жөке	500 жыл
Қайың	150 жыл
Шетен	80 жыл

«5–Сурет», «*Ғасыр*»

Оқушыларға «*Ғасыр*» деген ұғымды ағашпен ассоциация жасаған өте тиімді, жеңіл қабылдайды. *Мысалы*: «*Бүгін біз ағаштардың қанша жыл өмір сүретінін білетін боламыз. Кейбір ағаштар өте ұзақ өмір сүрсе, кейбіреулері қысқа өмір сүреді. Бізге ағаштардың тіршілік ету ұзақтығын білу керек. «1 ғасыр»–100 жылға тең. Яғни шырша мен жөке 5 ғасыр, көктерек 3 ғасыр, қайың 1 ғасыр, шетен 1 ғасырдан аз тіршілік етеді.* [3]

Бұл тапсырманың табиғатқа, өсімдіктер мен ағаштардың тіршілігіне құрметпен қарауға тәрбиелеуде мәні зор. Ағаштардың әртүрлі тіршілік ету ұзақтығы туралы ақпарат беру арқылы экологияны, табиғаттың тепе–теңдігін сақтау қажеттілігін түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұзақ өмір сүретін ағаштарды бағалай отырып, оқушыларға табиғатты қорғау, ағаштарды күтіп–баптау және қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы туралы тәрбиелік ойлар беріледі.

Қорытындылай келе, уақыт туралы түсінік беру сабақтары арқылы уақытты өлшеу мен жоспарлауды үйрету оқушылардың интеллектуалды дамуына, тәртіптілігіне және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға маңызы зор. [4] Бұл білім оларды болашақта табысты болуына, уақытты басқаруға және жауапкершілікті сезінуге бағыттайды. Сонымен қатар, уақыт өлшем бірліктерінің терең түсінілуі оқушыларға қоршаған әлемнің заңдылықтарын түсінуге, қоғаммен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Уақыттың маңыздылығын түсіну баланың жеке тұлғалық дамуына ықпал етіп, олардың өз өмірін мақсатты түрде құруына жол ашады.

#### Әдебиеттер тізімі:


1 Ақпаевав Ә.Б., Лебедева М.Ж., Мыңжасарова М.Ж., Лихобабенко Т.В. Математика. Оқулық. 1–бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1–сынып оқушыларына арналған оқулық. Алматы: Алматыкітап баспасы, 2023. – 140 б., суретті.

2 Ақпаевав Ә.Б., Лебедева М.Ж., Мыңжасарова М.Ж. Математика. Оқулық. 1–бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 2–сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2023. – 102 б.

3 Ақпаевав Ә.Б., Лебедева М.Ж., Мыңжасарова М.Ж. Математика. Оқулық. 4–бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3–сынып оқушыларына арналған оқулық. Алматы: Алматыкітап баспасы, 2023. – 100 б., суретті.

4 Т.Қ. Оспанов, Ш.Х. Құрманалина, С.Қ. Құрманалина. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана, «Фолиант», 2007.

**ҚР БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН  
ЕНГІЗУДІҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ**



**ЛУЧШИЕ ПРАКТИКИ ВНЕДРЕНИЯ ЕДИНОЙ ПРОГРАММЫ ВОСПИТАНИЯ В  
ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ РК**

<b>Абдильманова Дина Салимовна</b>	Балабақшадағы балаларға эстетикалық тәрбие берудегі ұлттық өнердің маңыздылығы	<b>1051</b>
<b>Абдрахманова Майя Жетписбаевна</b>	Оценка прочитанной информации для развития аргументированного монолога через использование несплошных текстов	<b>1055</b>
<b>Абилькаримова Жанар Казикановна</b>	Роль образовательных кружков в реализации воспитательной стратегии начальной школы: методы, подходы и перспективы	<b>1060</b>
<b>Абсолямова Гульнара Владимировна, Елеусизова Гульнара Досумхановна</b>	Роль взаимодействия школы и семьи в системе реализации Программы целостного воспитания «Біртұтас тәрбие»	<b>1066</b>
<b>Алғалиева Гүлжанат Султанқызы</b>	Біртұтас тәрбие – жаңа қадам, мүмкіндіктер мен жетістіктер	<b>1071</b>
<b>Алибекова Алина Гаджикурбановна</b>	Эффективные методы и практики внедрения программы «Біртұтас тәрбие» в дошкольной организации	<b>1076</b>
<b>Атоварова Юлия Анатольевна, Альмеева Елена Валерьевна</b>	«Мультимедийная журналистика» в современной школе: практика воспитания ключевых ценностей в рамках единой программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1079</b>
<b>Ахметқали Гүлдана Серікқызы</b>	Единая программа воспитания и её адаптация для нужд детей с расстройством аутистического спектра в системе образования Республики Казахстан	<b>1084</b>
<b>Вертянкина Любовь Васильевна, Макаева Кристина Владимировна</b>	Погружение в языковую среда через использование на занятиях национальных игр	<b>1088</b>
<b>Герасимова Ольга Юрьевна</b>	Интеграция ценностно–ориентированных подходов единой программы воспитания «Біртұтас тәрбие» в развитие исследовательской инициативности младших школьников	<b>1091</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Гималетдинова Умут Асыгатовна, Есенова Кинжекуль Омаровна</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды баулу аспектілері	<b>1096</b>
<b>Данченко Татьяна Владимировна, Жиенбаева Алёна Владимировна</b>	Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели	<b>1100</b>
<b>Дильдибекова Гульнара Айсәевна, Койшина Айман Мухамеджановна</b>	Образовательный терренкур «Экотайм» как одно из условий развития экологических дошкольников	<b>1104</b>
<b>Досмаилова Светлана Султановна, Нургазина Айгерим Жумагазиевна</b>	Сабақта және сабақтан тыс уақытта тәрбиелеудің құндылықтарын жүзеге асыру негіздері	<b>1109</b>
<b>Едревская Людмила Валерьевна</b>	Воспитание активного читателя на примерах взаимосвязи литературных произведений как средство реализации Национального проекта «Балалар кітапханасы»	<b>1113</b>
<b>Елдос Анар Нұрлыбекқызы</b>	History of formation of official business style in the Kazakh language	<b>1117</b>
<b>Ерекин Айдын Муратович, Хамзина Күлшат Бақытжанқызы</b>	Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жан –жақты тұла қалыптастырудың негізі	<b>1120</b>
<b>Еришова Асыл Аубакировна</b>	Ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбиенің сабақтастығы	<b>1123</b>
<b>Есенова Эльмира Есмагуловна, Хусайнова Жузира Мусиновна</b>	Биология пәнінің тәлім –тәрбие берудегі рөлі	<b>1127</b>
<b>Жайворонко Ирина Алексеевна, Ткач Надежда Алексеевна</b>	Программа «БіртұтасТәрбие»: новые подходы и ценности воспитания в современной школе	<b>1130</b>
<b>Жандауова Шолпан Еркиновна, Братышева Мария Владимировна</b>	Использование информационных технологий на уроках математики как один из путей преодоления проблемы «клипового мышления» обучаемых	<b>1135</b>
<b>Жумаева Алтын Сагингалиевна, Сәлімжан Аңсағаным Сәлімжанқызы</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын енгізе оқытудың әдістері	<b>1141</b>
<b>Жунусова Гулбаршын Кабылжановна, Зарлыханова Алмагуль Адильбековна</b>	Жаңаша білім беру үрдісінде біртұтас тәрбиенің рөлі	<b>1145</b>
<b>Жунусова Марина Яковлевна</b>	Патриотическое воспитание в современной школе в рамках реализации программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1151</b>
<b>Заманбекова Алия Заманбековна</b>	Білім беру ұйымдарындағы оқу–тәрбие үдерісінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру жолдары	<b>1156</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Злая Элина Владимировна, Жандауова Шолпан Еркиновна</b>	Utaigra – универсальный учебный ресурс, как средство формирования познавательного интереса к учебной деятельности	<b>1161</b>
<b>Ибатова Айгуль Куанышбаевна</b>	Роль куратора в адаптации студентов первого курса колледжа в контексте реализации программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1165</b>
<b>Иржанова Рыскуль Касымхановна</b>	Көркем еңбек – ұлттық құндылықтың өзегі	<b>1168</b>
<b>Искакова Гульжан Сагиевна, Алпысбаева Назым Сартонкызы</b>	Мектеп оқушыларын рухани–адамгершілікке тәрбиелеу барысында ұлттық тәрбие негіздері	<b>1174</b>
<b>Исмагулова Эльвира Бахитбековна</b>	Совершенствование двигательной активности дошкольников, имеющие нарушения речи посредством введения в систему физического воспитания нейроигр	<b>1178</b>
<b>Кабылбекова Гульнара Саматовна, Картпаева Адина Армановна</b>	Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық жаңа сананы ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыруға болады	<b>1183</b>
<b>Кадашева Шолпан Алпысбаевна, Щербаева Кундызай Сейткалиевна</b>	Біртұтас тәрбие балабақшадан басталады	<b>1186</b>
<b>Калиаскарова Индира Мияссаровна</b>	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: балаларға ұлттық құндылықтар негізінде білім беру мәселесі	<b>1190</b>
<b>Кашелюк Татьяна Ивановна</b>	Программа «Буртутас тарбие: педагогические находки и практическое применение»	<b>1193</b>
<b>Келинбердиева Ырсалды Сиехановна</b>	Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы ұлттық тәрбиенің жүзеге асуы	<b>1196</b>
<b>Клышбаев Серик Егинбаевич</b>	Кейкі батыр – дала күресінің дара тұлғасы	<b>1201</b>
<b>Коваленко Марина Викторовна</b>	Инклюзивные практики в контексте реализации Единой программы воспитания в организациях образования	<b>1204</b>
<b>Кункабаева Сарбинас Сериковна</b>	Методы развития внутренней мотивации учебной деятельности как фактор академической успешности старшеклассников	<b>1210</b>
<b>Кусаинова Мейрамгуль Маратовна, Жакиянова Жанна Калтаевна</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбиені енгізу жолдары	<b>1214</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Кушмурзина Даметкен Хажмухановна, Жусупова Инкар Алликовна</b>	Бастауыш сыныпта уақыт өлшем бірліктерін оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық рөлі	<b>1220</b>
<b>Лекерова Любовь Маратовна, Жандауова Шолпан Еркиновна</b>	Ментальная арифметика как средство развития математической компетенции у учеников 1 класса	<b>1227</b>
<b>Майстренко Валерия Юрьевна</b>	Формирование ценностей воспитания среди детей и молодежи на уроках литературы в контексте программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1231</b>
<b>Мальцева Татьяна Александровна</b>	Практика реализации программы воспитания в образовательных организациях высшей школы	<b>1235</b>
<b>Мамырканова Мендыгуль Сартаевна</b>	Роль исторического образования в формировании гражданской идентичности	<b>1239</b>
<b>Махмутова Мархаба Даулетжановна, Молдахметова Алия Досымбековна</b>	Исследование влияния метода триз на развитие креативного мышления учащихся 7 классов на уроках искусства	<b>1243</b>
<b>Маркина Зейнеп Бакитжановна</b>	Біртұтас тәрбиені негізге ала отырып Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқыту	<b>1249</b>
<b>Михалькова Людмила Васильевна</b>	Формирование творческих компетенций через вокальное исполнительство у детей дошкольного возраста	<b>1253</b>
<b>Молдашова Айнагүл Баймұқанқызы, Калимжанова Роза Лаиковна</b>	Роль воспитательных программ в профилактике профессионального выгорания среди курсантов и сотрудников ОВД	<b>1256</b>
<b>Мукашева Альбина Бауржановна</b>	Интеграция ценностно –ориентированного образования в преподавание математики	<b>1262</b>
<b>Мурзабекова Келбет Бирмаганбетовна</b>	Ұлттық құндылықтарды дамыту: Ыбырай Алтынсарин әңгімелері арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу	<b>1267</b>
<b>Мустафина Асель Сапарғалиевна, Абдулина Айгуль Сапарғалиевна</b>	Идеи Ыбырая Алтынсарина в реализации программы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»	<b>1270</b>
<b>Назарова Гулмира Куандыковна</b>	Тәрбие–біртұтас үдеріс	<b>1274</b>
<b>Нургазина Нургуль Отарбаевна, Тагаева Аружан Бауыржановна</b>	Білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары	<b>1278</b>
<b>Нуркина Батима Ауезхановна, Нугуманова Нургуль Куанышбековна</b>	Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі	<b>1281</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Обиух Мария Николаевна</b>	Эффективные методы реализации программы Біртұтас тәрбие в условиях современного детского сада	<b>1284</b>
<b>Осипова Бахиткуль Кайроллиевна</b>	Біртұтас тәрбие негізінде оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету	<b>1288</b>
<b>Полешко Татьяна Анатольевна, Миллер Татьяна Витальевна</b>	Интеграция традиционных национальных ценностей в современные образовательные программы	<b>1292</b>
<b>Рахимова Гизат Батыржановна</b>	Изучение биографии и творчества Ыбырая Алтынсарина как инструмент привития общечеловеческих и национальных ценностей в контексте единой программы воспитания	<b>1297</b>
<b>Редикульцева Юлия Владимировна, Бекмухамбетова Жанылдық Каирбековна</b>	Использование методов и приемов технологии кроссенс в развитии креативного мышления у детей старшего дошкольного возраста	<b>1301</b>
<b>Рогожина Татьяна Александровна, Ли Ляззат Абаевна</b>	Дебаты – фундамент интеллектуального развития личности	<b>1305</b>
<b>Сармурзина Алия Коныспаевна</b>	Опыт применения стратегий развития метакогнитивных навыков у старшекласников	<b>1308</b>
<b>Сикун Людмила Николаевна</b>	Чат–ассистент GRT как инструмент планирования воспитательных мероприятий для детей с ООП в рамках программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1313</b>
<b>Смирнова Анна Александровна, Земцова Наталья Анатольевна</b>	Интеграция программы «Біртұтас тәрбие» в образовательный процесс на уроках математики	<b>1317</b>
<b>Солоха Ирина Константиновна, Гавриляк Инна Михайловна</b>	Ценности воспитания как основа гармоничного развития детей в начальной школе	<b>1322</b>
<b>Тельгарина Айгуль Сарсеновна,</b>	Ценности воспитания детей и молодежи в системе образования Казахстана: опыт, проблемы и решения	<b>1327</b>
<b>Тлеулина Галия Жамалетдиновна</b>	Педагогический опыт по реализации программы «Біртұтас тәрбие» в условиях дошкольной организации на занятиях музыки	<b>1330</b>

2 СЕКЦИЯ

<b>Умарова Бибигуль Ахметкалиевна, Хасенова Мадина Маратовна</b>	Ұлттық құндылықтар және оларды оқу үдерісіне интеграциялау	<b>1335</b>
<b>Упорова Екатерина Юрьевна</b>	Проектная деятельность как действенный способ формирования социальной ответственности студентов колледжей	<b>1339</b>
<b>Усенко Галина Васильевна</b>	Практика внедрения программы «Біртұтас тәрбие» через серию интерактивных интеллектуальных игр в образовательном пространстве школы	<b>1343</b>
<b>Успанова Айнура Оразбековна, Молдахметова Гульнар Муратовна</b>	Ұлттық ойын – ұлт болашағы	<b>1346</b>
<b>Фарафонова Наталья Николаевна</b>	Воспитательная работа в дошкольной организации на основе Единой программы воспитания	<b>1350</b>
<b>Фоменко Александра Сергеевна</b>	Практические аспекты формирования готовности педагогов к инклюзивному образованию	<b>1352</b>
<b>Хамзина Күлшат Бақытжанқызы, Ерекин Айдын Муратович</b>	Мектептегі тәрбие жұмысының ерекшеліктері	<b>1356</b>
<b>Шагатаев Салмагамбет Елеубаевич, Урумбаев Куаныш Дулатович</b>	«Lesson study» на уроках физической культуры	<b>1360</b>
<b>Шамекешева Светлана Петровна, Эмомова Лилия Тимуровна</b>	Воспитательный аспект современного урока русского языка и литературы в рамках программы «Біртұтас тәрбие»	<b>1365</b>
<b>Шудабаева Жанар Жумабаевна</b>	Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели	<b>1370</b>
<b>Юркова Светлана Владимировна</b>	Значение кюя в музыкальном воспитании дошкольника	<b>1373</b>